

Келес ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 19-168-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30925 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Келес ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келес аудандық мәслихат хатшысы

А. Тотиков

Келес аудандық мәслихаттың
2022 жылғы 28 қарашадағы
№ 19-168-VII шешіміне қосымша

Келес ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	147,04
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	162,77
Жылдық тариф бірлігіне (көлем)	1м ³	2041,3